

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 25 тамыздағы N 1278

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 қаулысына P960663\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 25, 210-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулыға 1-қосымшадағы:

"Текелі энергия комбинаты (Алматыэнерго)" деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті "Қазмырыш" ашық акционерлік қоғамына шет елдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 890 P970890\_ қаулысының 4-тармағына сәйкес Текелі энергия комбинатының заңдық тағдырын айқындау жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі